

# БҮГІНГІ КҮННІҢ АБАЙЫ

М. Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, филология факультетіне қарасты «Гуманитарлық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының оқытушысы, магистр Төлеген Балауса Әбдірасулқызы ЕП-20-3кз тобымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Бүгінгі күннің Абайы» атты ашық тәрбие сағатын өткізді.

Тәрбие сағатының басты мақсаты - жастарды тәрбиелікке, сүйіспеншілікке, ерте жастан еңбекке баулуға шақыруға негізделген. Осы орайда, Алдаберген Аяжан мен Сайдмамедова Гулхәйның баяндамасы жастарға ой саларлықтай болды. Қазіргі жастардың жаман әдептерді тез бойға жинауы, еңбекке икемсіз көлөтіндігі, білімге емес, бос ойындарға ақша кетіруін ашына жазды. Сонымен қатар Абайдың қара сөздері де үмыт қалмады. Абуталип Баян мен Талғатқызы Әсемнің оқыған көремет қара сөздері жүректен жүрекке жетті. Осы күнге дейін Абайдың өлеңдері үмыт қалмау себебі де осы болар. Жастар Абай атамыздың өлеңін, қара сөздерін, әндерін жатқа білсе нұр үсті-

не нұр болар еді. Бір туар ақын Абайды үмыту жастарға улкен сын. Сол себептен де ЕП-20-3кз тобының студенттері Абай ақынды жан-жақты зерттеді, әндерін де естен шығармады. Студент қыздарымыз ерекше үнмен, қоңыр дауыспен «Көзімнің қарасы» әнін жогары деңгейде шырқады. Бұл күн студенттер үшін есте қаларлықтай болғаны сөзсіз. Абайды білмейтін қазақ кемде кем шығар. Біздің болашағымыздың мықты болуын барынша ойлап, көзі ашық, көкірегі ояу азамат, азаматша болуымызға зор үлес қосқан жана шырымызды мәнгі жүргімізде сактайды.

«Тәрбие сағатының ерекшелігі - Қазақстан телевиденасынан көрсөтілген «Абай» телехикаясында Абай рөлін

сомдаған Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Болат Әбдіманов және еліміздің жас актері Әли Тұрсынхан тәрбие сағатының құрметті қонақтары болып шақырылып, студенттер Zoom платформасында пікір алмасып, сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болды. Студенттердің бұл тәрбие сағатынан көремет әсер алған сәттерінің бірі - сұхбаттасу болса, кейбір студент жаестағының көкейде жүрген сұрақтарына жауап алу болды.

Актерлеріміз Абай рөлін сомдаудағы қызығы мен қыншылығы жайлы әңгімелермен бөлісіп, студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға ағынан жарылып жауап берді. Студент жастарға өз ақыл кеңестерін айтып, сәттілік тіледі. Кеш соңында үйымдастыруыш қонақтарға алтын үақыттарын бөліп, іс-шараға қатысқандары үшін алғыс білдірді.

Б.ТӨЛЕГЕН,  
А.СУЮБЕРДИЕВ,  
З.ЕМКУЛОВ,  
В.Ю.МОРОЗОВА,  
М. Эуезов атындағы  
ОҚУ филология  
факультеті,  
«Гуманитарлық  
мамандықтар үшін шет  
тілі» кафедрасының  
оқытушылары